

**Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда
политтехникалық жоғары колледжі базасында орналасқан
Ауыл шаруашылығын механикаландыру және Гидротехникалық
мелиорация мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестік жиналысы**

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

26.05.2026ж

Қатысқандар: Ауыл шаруашылығын механикаландыру және Гидротехникалық мелиорация мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестік төраға орынбасары Дүрман Бағдалулет Дербісәліұлы, Көксу политехникалық колледжінің арнайы пән оқытушылар, Мақтаарал аграрлық колледжінің арнайы пән оқытушылар, Үшқоңыр су шаруашылығы колледжінің арнайы пән оқытушылар, "№13 колледж" арнайы пән оқытушылары, Жанакорған аграрлы-техникалық колледжінің арнайы пән оқытушылары, Манап Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің арнайы пән оқытушылары, Ғалым Жарылғанов атындағы Аграрлық колледжінің арнайы пән оқытушылары, Орал қаласы Бәйтерек колледжінің арнайы пән оқытушылары, Қазалы аграрлық-техникалық колледжінің арнайы пән оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлері, Шиелі индустриалды-аграрлық колледжінің арнайы пән оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлері, Жаңакорған аграрлы-техникалық колледжінің арнайы пән оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлері, Шығыс Қазақстан көп салалы колледжінің арнайы пән оқытушылары, Жалағаш индустриалды аграрлық колледжінің арнайы пән оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері және Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі ауыл шаруашылығын механикаландыру мамандық бойынша, гидротехникалық мелиорация мамандық бойынша арнайы пән оқытушылары.

Күн тәртібінде:

- 1) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы
- 2) Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ауыл шаруашылығын механикаландыру және Гидротехникалық мелиорация мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестік төраға орынбасары Дүрман Бағдалулет Дербісәліұлы «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» және «Гидротехникалық мелиорация» мамандықтары бойынша оқу бағдарламаларының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына өзгерістеріне сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы туралы түсіндірмесі (баяндамасы) тыңдалды.

Сонымен қатар Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің арнайы пән оқытушысы Сағатов Нурхан Рамазанович «Гидротехникалық мелиорация» және «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын дайындау әдістемесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру

стандартына өзгерістеріне сай әзірлеу керек туралы ойын айтты. Таныстырылған «Гидротехникалық мелиорация» мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңа мазмұны су ресурстарын тиімді басқару мен жерлерді суландырудың ең заманауи талаптарына негізделіп отыр. Келесі кезекте таныстырылған «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығына арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) басты мақсаты – білім алушыларға сапалы, заманауи және еңбек нарығына қажетті білім беру. Бұл стандарт ауыл шаруашылығы саласына білікті, техниканы меңгерген, кәсіби мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Осы орайда, жаңа стандарт өндіріс пен білім беру бағдарламалары арасындағы алшақтықты жойып, өзара тығыз байланысты нығайта түсетіні туралы баяндалды.

Қаулы етеді:

1. «Гидротехникалық мелиорация» және «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын дайындау әдістемесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына өзгерістеріне сай әзірлеу ұйымдастырылсын.
2. Колледждердің арнайы пән оқытушылары ескертулері мен ұсыныстарын орындау үшін жауапты тұлғаларға жеткізілсін. Ұсыныстарды іске асыру барысы келесі отырыста каралсын.

Хатшы:



Бердібек А.Ә